



Келісемін:

Оқу ісінің директордың орынбасары

А.К. Динасилова §

«22» 08 2025ж

ӘБ ортасында қаралды

ӘБ жетекшісі §

Хаттама № 1 « » 2025ж

Жаңартылған мазмұн бойынша орта мерзімді жоспар

«Кәсіп» «Жалпы еңбекке даярлау»

«Кәсіби еңбекке баулу»

Калтаева С.Д

2025-2026 оқу жылы

КММ «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы»

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2018 жылғы 20
қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 89-
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 529-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптары үшін
"Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасы 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптары үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың мүдделері мен психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оларды болашақ кәсіпті саналы түрде, өздігінен таңдауға дайындау мақсатында оқу жоспарына ендірілген.

3. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің міндеттері:

1) жалпы еңбектік біліктер мен дағдыларды: үлгіні талдай білу, тапсырмада бағдарлау, алдағы әрекетті жоспарлау, еңбектің ағымды және соңғы нәтижелерін бақылауды қалыптастыру;

2) білім алушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, сөйлеу тілін еңбек процесінде өзара әрекеттену үшін пайдалануға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, бұйымның барынша сапалы болуына қол жеткізуге үйрету;

3) еңбек әрекетінің уәждік деңгейін арттыру және еңбекке қажетті жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

4) білім алушыларды еңбектің әр түрлі түрлеріне жататын жұмыстармен таныстыру;

5) еңбек тәсілдеріне үйрету процесіндегі еңбектік қимыл дағдыларын қалыптастыру, үйретілетін технологиялық амалдарды орындауды меңгерту;

6) білім алушыларда ауызша және жазбаша нұсқауларды, көрнекіліктің әр түрлі түрлерін пайдаланумен бағдарлау икемділігін дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Оқыту білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше бағытта жүргізіледі. Әрбір еңбек түрі бойынша 5-6 сыныптарда орындауға жоспарланған жұмыс көлемі үлкен емес. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері мен қабілеттері зерттеледі, әр білім алушымен келесі кезеңде кәсіптік оқыту еңбектің қандай түрінде жүргізілетіні анықталады.

5. Мектеп әкімшілігі жергілікті жағдайға, бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне, білім беру ұйымының материалдық базасына сәйкес келетін еңбек түрлерін таңдайды, негізгі бағдарламалар мазмұнын нақтылайды немесе олардың үлгісінде қажетті еңбек түрлері бойынша жаңаларын әзірлейді.

6. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

7. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі баланың даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді. Түзете дамыту бағыттылық принципі оқу және оқыту әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді.

8. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің

құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.

9. Саралау және жекелеу тәсілдеме принципі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыға қатысты саралау және жекешелеу тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

10. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік принципі. Педагог білім алушылардың дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті басқара алады.

11. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін есепке ала отырып шамалап қолданылады.

13. Сабақтарда АКТ келесі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі және сөйлеу тілінің көмегімен қандай да бір заттық мазмұннан еркін өтіп, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу, бір тәсілден басқасына көшу;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

14. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарын ұйымдастыру және өткізу процесінде қажетті педагогикалық талаптар сақталады:

1) мұғалім Бағдарлама негізінде тапсырмаларды орындаудың күрделілік деңгейін, кезеңдерін ерекшелей отырып, өзі жүргізетін еңбек түрі бойынша үлгілік күнтізбелік жоспар әзірлейді; құрал-жабдықтарды, технологиялық құжаттарды, оларды орындауға арналған керек-жарақтарды тандайды; еңбек тапсырмаларын немесе олардың кезеңдерін орындау бойынша критерияларды бағалауды әзірлейді;

2) білім алушыларды оқыту ұйымдастырылатын кәсіптің кәсіби әрекеттің мазмұнына және мамандарға қоятын талаптарымен таныстырады. Мұғалім білім алушыларды осы кәсіп аясындағы заттармен, құралдармен, мақсаттармен, ережелермен, еңбек құралдарымен таныстырады;

3) диагностикалық сынақтама жүзеге асырылады. Сынақтаманы, оның мазмұнын және диагностикалық құндылығын таңдау негізделуге және психологтармен келісілуге міндетті. Диагностикалық сынақтаманы жүргізуге арналған нұсқау мұқият әзірленеді;

4) білім алушылардың кәсіптік икемін және олардың нақты осы әрекеттегі тәжірибесін анықтау. Бұл білім алушылардың қызығушылықтары, олардың білім деңгейі және мүмкіндігі, белгілі бір кәсіптік әрекет аясындағы тәжірибесі туралы түсінікті алуға; білім алушылардың күрделілік деңгейі әр түрлі тапсырмаларды орындауға дайындығын анықтауға мүмкіндік береді;

5) білім алушыларды әрбір еңбек түрі және оларды орындауды ұйымдастыру бойынша оқу жұмысының мазмұнымен таныстыру.

15. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарының барысында білім берушілерге кәсіптік әрекеттердің нақты түрлері туралы негізгі мәліметтер беріледі; кәсіптік әрекеттердің әр түрлі түрлерінің негізгі элементтері үлгіленеді; олардың қандай да бір еңбек түрі бойынша тапсырмаларды орындауға деген дайындық деңгейі анықталады; оқу тапсырмаларын сапалы орындау үшін қажетті талаптармен қамтамасыз етіледі.

16. Сабақтарды аптасына 6 сағаттан оқу жылына жоспарлаған кезде негізгі бейін және қосымша еңбек түрі немесе еңбек түрлерін тоқсандар немесе апталар бойынша бөлу таңдалады.

17. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәні бір мезгілде бірнеше еңбек түрін қамтуды білдіреді.

18. Еңбекке оқыту бейіні білім алушының психофизикалық ерекшелігін, дәрігердің ұсынысын және мектептің мүмкіндігін есепке ала отырып, жеке анықталады.

19. Білім алушының кәсіби қызығушылығы, кәсіби шамасы немесе денсаулық мүмкіндігі болмаса еңбекке оқыту бейіні өзгереді.

20. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

21. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қол еңбегі бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірінғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған

22. Оқытудың деңгейлік мақсатты анықталған дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

23. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

24. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

25. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушыларды бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарды, әрекеттердің ұжымдық түрін талдау арқылы жүреді. Сабақ барысындағы бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтың пайдаланатын оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

26. Мерзімдік бақылау жұмысы бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагогпен оқу жылы бойы бақылаған сыныптың әр білім алушысының даму және табыстылық динамикасы талқыланады.

27. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогқа дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және сайма-сай бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтайды.

28. Сапалы оқытуды және білім алушыларлы жалпы еңбекке тиімді дайындау үшін еңбек сабағының кабинеттері санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жарактандырылады.

3-тарау. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

29. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрайды.

30. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Материалтану. Құралдар және жабдықтар";
- 2) 2-бөлім "Еңбек заттарын жасау технологиясы";
- 3) 3-бөлім "Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы";
- 4) 4-бөлім "Еңбек заттарын талдау және бағалау".

31. "Материалтану. Құралдар және жабдықтар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер;
- 2) материалдарды, құралдар мен жабдықтарды талдау.

32. "Еңбек заттарын жасау технологиясы" бөліміне кіретін бөлімшелер:

- 1) ағаш ұстасы;
- 2) түптеу картонаждық іс;
- 3) тігін ісі;
- 4) слесарлық іс;

5) сылақ-майлау ісі;

6) аяқ киім ісі.

33. "Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) гүл өсіру және сәндік бағбаншылық;

2) аула тазартушы;

3) қызмет көрсетуші кіші қызметкер.

34. "Еңбек заттарын талдау және бағалау" бөліміне кіретін бөлімшелер:

1) еңбек заттарын талдау;

2) еңбек заттарын бағалау.

35. 5-сыныпқа арналған "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) берілген әрекет аясындағы сипат, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсінік; еңбек заттарының ерекшеліктері; еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамалары; кәсіби сынаманы орындау технологиясы; техникалық терминология; құралдар және оларды қолдану ережелері; шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелері және санитарлық-гигиеналық талаптары:

ағаш кесіндісін шектегіші бар стуслода белгі бойынша кесу технологиясы: қолданысы, негізгі техникалық сипаттамасы, стусломен және кол арамен жұмыс ережелері, ағаш ұстасы құралдарын жұмысқа дайындау, ағашты кесу;

қалта мен хатқалтаны жасау технологиясы: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаұлгісінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау;

сәндік тігістерді орындау технологиясы: тамбурлық, ілмекті; қаңылтыр қораптарды жасау (сызба бойынша белгілеу, шеттерін бүту, өткір жиектерін қайыру);

ағаш бұйымдарды майлы бояу, сулы құраммен сыланған жазықтықты бояу технологиясы.

36. 6-сыныпқа арналған "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) орындалатын жұмыстың сипатына байланысты жалпы теориялық мәліметтер; еңбек заттарының ерекшеліктері; тапсырмада үлгі, сурет және технологиялық карта бойынша бағдарлау; еңбек заттарын жасаған кезде материалдардың қасиеттері; терминдер мен технологиялық операциялардың атаулары;

зерттелген операцияларды орындау және орындалатын әрекеттің алгоритмының технологиясы;

бұйым бөліктерін дөңгелек кесінділерден жасау технологиясы;

қаптама мен құжаттарға арналған қорап жасау технологиясы;

бір бөлікті бұйымдарды (қалталы жастық тысы, спорттық аяқ киімге арналған дорба) орындау технологиясы;

жабындық болаттан қоқысқа арналған қалақша жасау технологиясы;

әр түрлі шаруашылық жайлардың қабырғаларын жөндеген кезде сылау және бояу әрекеттерінің технологиясы.

37. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жеке қарқында, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан білім беру кезеңін, екінші сан бөлімді, үшінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.2.1 кодындағы "5" – сынып, "2.2" – бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік саны.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптары үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

1-кесте

сБөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.Материалтану . Құралдар және жабдықтар	1.1 Еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер	5.1.1.1 өзін Қазақстан азаматы ретінде сезіну 5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы 5.1.1.3 мұғалімнің көмегімен еңбек заттарының ерекшеліктерін зерделеу және анықтау 5.1.1.4 еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу 5.1.1.5 кәсіби сынаманы орындау технологиясын меңгеру 5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану 5.1.1.7 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану
	1.2 Материалдарды, құралдарды және жабдықтарды талдау	5.1.2.1 материалдарды, құралдарды және жабдықтарды және оларды тәжірибелік сынама үлгісінде пайдалану ережелерін зерделеу 5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материаладар мен құралдарды таңдай білу 5.1.2.3 шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде

		тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстану 5.1.2.4 жұмыс орнын ұйымдастыру 5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану 5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (қимаульгі, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану
	2.4 Слесарлық іс	5.2.4.1 сымның (алюминий, жез, болат) қасиеттерімен танысу 5.2.4.2 сыммен жұмысқа арналған құралдармен және аспаптармен (темір сызғыш, үшкір тістеуік, тістеуік, сымды майыстыруға арналған жақтау) танысу және жұмыс тәсілдерін меңгеру 5.2.4.3 слесарлық құралдармен жұмыс ережелерін білу және орындау 5.2.4.4 дайындаманың ұзындығын сызғышпен белгілеу 5.2.4.5 сыммен тәжірибе жұмыстарын (үзіп алу, майыстыру, бұрау, жалпайту) орындау 5.2.4.6 ақ және қара қаңылтырдың қасиеттерімен (кесіледі, майысады) танысу 5.2.4.7 қаңылтырмен жұмысқа арналған құралдармен және аспаптармен (сызғыш, темір кесетін қол қайшы, ағаш балға, жатық егеу, слесарлық қысқыш) танысу және жұмыс тәсілдерін меңгеру 5.2.4.8 жұқа темірді белгілеген және кескен кездегі қауіпсіздік ережелерін білу және орындау 5.2.4.9 қаңылтыр қораптарды жасау бойынша жұмыстарды (сызба бойынша белгілеу, шеттерін бүгу, өткір жиектерін қайыру) орындау 5.2.5.9 бұйымды жатық егеумен және құмқағазбен тегістеп өңдеу 5.2.5.10 дөңес және ойыс пішінді жазық бөліктерді қимаульгі бойынша белгілеп кесіп алу

		5.2.5.11 бөліктерде тесік тесу 5.2.5.12 бөліктерді қалпағы жағырын тойтарма шегемен біріктіру 5.2.5.13 жұқа қабатты темірмен жұмыс.
3.Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы		5.3.1.1 гүлдік өсімдіктер, олардың сан алуандығы, сәндік қасиеті туралы түсінік болу 5.3.1.2 топырақ және гүлдерді өсіруге арналған экологиялық талаптар туралы түсінік болу 5.3.1.3 мәдени және жабайы өсетін гүлдік өсімдіктерді ажырату 5.3.1.4 жергілікті жерде ең бір кенінен тараған гүлдік өсімдікті атау 5.3.1.5 гүлбақшада және бөлмеде өсірілетін гүлдік өсімдіктермен танысу 5.3.1.6 гүлдік өсімдіктердің тұқымын жинау 5.3.1.7 бір жылдық тұқымдары ірі гүлдік өсімдіктер түрін (қырмызыгүл, настурция, барқытгүл) атау 5.3.1.8 гүлдік өсімдіктердің жемісінің және тұқымының піскен белгілерін байқау 5.3.1.9 кейбір өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының пісуін жеделдету тәсілдері (тамырларын зақымдамай аудару) туралы түсінік болу 5.3.1.10 тұқым жинау тәсілдерін, жинағаннан кейін тұқымды кептіру және сақтау тәсілдерін меңгеру 5.3.1.11 тұқымы бар кеуіп қалған жемісті жинау немесе сабақтың бір бөлігімен кесіп алу 5.3.1.12 жемістерді қатырмақағаздан жасалған қораптарға салу және кептіру үшін сөреге орналастыру 5.3.1.13 жемістері піспеген кейбір өсімдіктерді тамырынан кесіп алып, тұқымы піскенше желдетілетін жайға іліп қою 5.3.1.14 гүлбақшадағы жерді қазу 5.3.1.15 гүлбақшаны тұқым себуге,

		көшет отырғызуға дайындау 5.3.1.16 гүлбақшаны мезгілдік тазарту, жолды түскен жапырақтардан тазарту 5.3.1.17 гүлбақшадағы жұмысқа арналған құралдарды күту 5.3.1.18 бөлме өсімдіктерін күту: сугару, құнарландыру 5.3.1.19 бөлме өсімдіктеріне арналған топырақтық қоспа дайындау
4. Еңбек құралдарын талдау және бағалау	4.1 Еңбек заттарын талдау	5.1.4.1 өз еңбегінің нәтижесіне қызығушылық байқату 5.1.4.2 еңбектің бір түрі бойынша кәсіптік дағдыларды меңгеруге деген уәжін байқату 5.1.4.3 мақсатына жетуде тәртіптілік және табандылық таныту, өзінің еңбегіне деген мақтанышын байқату 5.4.1.4 орындалған жұмыс сапасына талдау жүргізу; 5.4.1.5 өзінің және жолдастарының жұмысын талдауға және бағалауға тырысу, жұмыстағы артықшылықтар мен кемшіліктерді белгілеу 5.4.1.6 алған білімін тәжірибелік әрекеттерде қолдану
	4.2 Еңбек заттарын бағалау	5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен алдағы жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.2 берілген жоспар бойынша орындалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.3 сөзінде оқыған терминдерді пайдалана отырып, жасалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.4 бұйымды үлгіге қарау және өлшеуіш құралдардың көмегімен бақылауды жүзеге асыру 5.4.2.5 орындалған жұмыстың сапасын және орындау дәйектілігін ұжымдық талдау

1. Материалтану. Құралдар және жабдықтар	1.1 Еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер	5.1.1.1 өзін Қазақстан азаматы ретінде сезіну 5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы 5.1.1.3 мұғалімнің көмегімен еңбек заттарының ерекшеліктерін зерделеу және анықтау 5.1.1.4 еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу 5.1.1.5 кәсіби сынаманы орындау технологиясын меңгеру 5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану 5.1.1.7 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану
	1.2 Материалдарды, құралдарды және жабдықтарды талдау	5.1.2.1 материалдарды, құралдарды және жабдықтарды және оларды тәжірибелік сынама үлгісінде пайдалану ережелерін зерделеу 5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материаладар мен құралдарды таңдай білу 5.1.2.3 шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстану 5.1.2.4 жұмыс орнын ұйымдастыру 5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану 5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (кимаүлгі,

		сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану
	2.5 Сылақ-майлау ісі	5.2.5.1 сылақшы мамандығы туралы негізгі мәліметтерді білу 5.2.5.2 сылақ жұмыстарын орындауға арналған материалдар туралы түсініктер болу 5.2.5.3 майлы бояудың қасиеті және құрамы (қою және пайдалануға дайын) туралы түсініктер болу 5.2.5.4 майлы бояуды жұмысқа дайындау техникасын меңгеру 5.2.5.5 сулы бояу құрамы (қасиеті, құрамы) туралы мәліметтер болу 5.2.5.6 сулы бояу құрамын қолдану техникасын меңгеру 5.2.5.7 колер туралы қысқаша мәліметтер болу 5.2.5.8 бұрын боялған беттерді тазартуды жүзеге асыру 5.2.5.9 бояу түрлерін анықтауға (сыныптағы, мектеп жайларындағы, үйдегі) жаттығу; 5.2.5.10 жаққыш (қолмен жаққыш, айналма жаққыш, қолдану және олардың күтімі) туралы мәліметтер болу; 5.2.5.11 бояу кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру; 5.2.5.12 жазықтықтың бояуға дайындығын анықтау; 5.2.5.13 сылақтың негізгі кемшіліктері туралы түсініктер болу; 5.2.5.14 жай сылаудың негізгі амалдарын меңгеру; 5.2.5.15 ағаш бұйымдарды майлы бояумен жай ғана бояуды орындау; 5.2.5.16 сулы құраммен сыланған жазықтықты бояу; 5.2.5.17 темір заттарды құрамында су жоқ бояумен бояуға дайындау техникасын меңгеру
3. Қызмет көрсету еңбек дағдыларын	3.2 Аула тазартушы	5.3.2.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну 5.3.2.2 қарапайым қызмет көрсету

меңгеру технологиясы		кәсібін білу 5.3.2.3 тазалау жұмысына арналған арнайы киімді ажырату: түрі, қолданысы, құрылысы, ұқыптылықпен ұстау 5.3.2.4 шаруашылық құралдарымен (сыпыртқы, күрек, тырма, қалақ, зембіл), олардың құрылысымен, қолданысымен танысу 5.3.2.5 сыпыртқыны, күректі, тырманы, қалақты, зембілді қолдана білу 5.3.2.6 қатты жабыны бар жолдарды сыпыру 5.3.2.7 қоқысты үю, қоқысты тасымалдау 5.3.2.8 көгалды жинастыру: бұтақтарды және бөгде заттарды жинастыру; тырмамен тырмалау, көгалды тазарту 5.3.2.9 спорт алаңдарын және мектеп айналасындағы үлескелерді жинастыру 5.3.2.10 жинастыру құралдарын тазарту және сақтау орындарына орналастыру
	4.1 Еңбек заттарын талдау	5.1.4.1 өз еңбегінің нәтижесіне қызығушылық байқату; 5.1.4.2 еңбектің бір түрі бойынша кәсіптік дағдыларды меңгеруге деген уәжін байқату; 5.1.4.3 мақсатына жетуде тәртіптілік және табандылық таныту, өзінің еңбегіне деген мақтанышын байқату 5.4.1.4 орындалған жұмыс сапасына талдау жүргізу 5.4.1.5 өзінің және жолдастарының жұмысын талдауға және бағалауға тырысу, жұмыстағы артықшылықтар мен кемшіліктерді белгілеу 5.4.1.6 алған білімін тәжірибелік әрекеттерде қолдану
	4.2 Еңбек заттарын бағалау	5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен алдағы жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.2 берілген жоспар бойынша

		орындалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.3 сөзінде оқыған терминдерді пайдалана отырып, жасалған жұмыс туралы ауызша есеп беру; 5.4.2.4 бұйымды үлгіге қарау және өлшеуіш құралдардың көмегімен бақылауды жүзеге асыру 5.4.2.5 орындалған жұмыстың сапасын және орындау дәйектілігін ұжымдық талдау
	1.1 Еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер	5.1.1.1 өзін Қазақстан азаматы ретінде сезіну 5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы 5.1.1.3 мұғалімнің көмегімен еңбек заттарының ерекшеліктерін зерделеу және анықтау 5.1.1.4 еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу 5.1.1.5 кәсіби сынаманы орындау технологиясын меңгеру 5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану 5.1.1.7 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану
	1.2 Материалдарды, құралдарды және жабдықтарды талдау	5.1.2.1 материалдарды, құралдарды және жабдықтарды және оларды тәжірибелік сынама үлгісінде пайдалану ережелерін зерделеу 5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материалдар мен құралдарды таңдай білу 5.1.2.3 шеберханада, мектеп

		жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстану 5.1.2.4 жұмыс орнын ұйымдастыру 5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану 5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (кимаұлгі, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану
2. Еңбек заттарын жасау технологиясы	2.1 Ағаш ұстасы	5.2.1.1 аралау түрлерін ажырату 5.2.1.2 ағаш кесіндісін шектегіші бар стуслода белгі бойынша кесу технологиясын меңгеру: қолданысы, негізгі техникалық сипаттамасы, стусломен және қол арамен жұмыс ережелері, ағаш ұстасы құралдарын жұмысқа дайындау, ағашты кесу, тегіс бетін құмқағазбен өңдеу 5.2.1.3 білдекте тесік тесуді меңгеру 3.2.1.4 қатар сызықтарды белгілеуге үйрену 5.2.1.5 жақ тәрізді арамен аралау техникасын меңгеру 5.2.1.6 сүргімен бақылау сызғышпен және бұрышпен жону техникасын меңгеру 5.2.1.7 қарындашпен белгі салу және сызғышпен және бұрышпен бақылауды жүзеге асыру 5.2.1.8 бөліктерді бұрама шегенің көмегімен біріктіру 5.2.1.9 тесігі бар кесек ағаштан салғыш жасау 5.2.1.10 шегенің және бұрама шегенің көмегімен жинауды жүзеге асыру 5.2.1.11 ағашты "Күйдіру" техникасымен көркемдеп әшекейлеу техникасын меңгеру

4.Еңбек құралдарын талдау және бағалау	2.2 Түптеу картонаждық іс	5.2.2.1 дайындық тапсырмаларын: еркін тақырыпқа сурет салу, суреттерді бояу, өсімдік тектес оюдың суретін салу, геометриялық пішіндерді белгілеу, пышақпен және қайшымен пішіп алуды орындау 5.2.2.2 құттықтау ашық хатын сурет-сызбы бойынша жасау технологиясын меңгеру 5.2.2.3 қалта мен хатқалтаны жасау технологиясын меңгеру: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаулігісінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау 5.2.2.4 карапайым сызбылар мен эскиздерді оқу және орындау 5.2.2.5 қағаздарды іріктеп, бүту және сыммен тігу 5.2.2.6 түптеу жұмыстарын орындау 5.2.2.7 беті таза заттарды жасау 5.2.2.8 баулы папкаларды жасау
	2.3 Тігін ісі	5.2.3.1 қол жұмысына арналған құралдар мен құрылғыларды пайдалану 5.2.3.2 өсімдік текті талшықты маталардың (сиса, сәтен) қасиеттерімен танысу 5.2.3.3 қол тігістерін орындау 5.2.3.4 сәндік тігістерді (тамбурлық, ілмекті) орындау 5.2.3.5 бұйымдарды (тұқым салуға арналған дорба) қол тігістерін қолдана отырып жасау 5.2.3.6 сәндік қол тігістерімен (тамбурлық, сабақты) кестелеу техникасын меңгеру 5.2.3.7 шытыра моншақпен және пайеткамен кестелеу (белгі бойынша) техникасын меңгеру

		5.2.3.8 табиғи көлемдегі (майлық) сызба құру техникасын меңгеру 5.2.3.9 киімдерді қол тігісін пайдалана отырып жөндеу 5.2.3.10 үтікпен жұмыстағы қауіпсіздік техникасының ережелерін орындау
4.1 Еңбек заттарын талдау		5.1.4.1 өз еңбегінің нәтижесіне қызығушылық байқату 5.1.4.2 еңбектің бір түрі бойынша кәсіптік дағдыларды меңгеруге деген уәжін байқату 5.1.4.3 мақсатына жетуде тәртіптілік және табандылық таныту, өзінің еңбегіне деген мақтанышын байқату 5.4.1.4 орындалған жұмыс сапасына талдау жүргізу 5.4.1.5 өзінің және жолдастарының жұмысын талдауға және бағалауға тырысу, жұмыстағы артықшылықтар мен кемшіліктерді белгілеу 5.4.1.6 алған білімін тәжірибелік әрекеттерде қолдану
4.2 Еңбек заттарын бағалау		5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен алдағы жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.2 берілген жоспар бойынша орындалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.3 сөзінде оқыған терминдерді пайдалана отырып, жасалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.4 бұйымды үлгіге қарау және өлшеуіш құралдардың көмегімен бақылауды жүзеге асыру 5.4.2.5 орындалған жұмыстың сапасын және орындау дәйектілігін ұжымдық талдау

4 тоқсан		
1.Материалтану . Құралдар және жабдықтар	1.1 Еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер	5.1.1.1 өзін Қазақстан азаматы ретінде сезіну 5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы ситпаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы 5.1.1.3 мұғалімнің көмегімен еңбек заттарының ерекшеліктерін зерделеу және анықтау 5.1.1.4 еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу 5.1.1.5 кәсіби сынаманы орындау технологиясын меңгеру 5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану; 5.1.1.7 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану
	1.2 Материалдарды, құралдарды және жабдықтарды талдау	5.1.2.1 материалдарды, құралдарды және жабдықтарды және оларды тәжірибелік сынама үлгісінде пайдалану ережелерін зерделеу 5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материаладар мен құралдарды таңдай білу 5.1.2.3 шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстану 5.1.2.4 жұмыс орнын ұйымдастыру 5.1.2.5 құралдармен және
2. Еңбек заттарын жасау технологиясы		

3. Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы		жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану 5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (қимаулы, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану
	2.6 Аяқ киім ісі	5.2.6.1 аяқ киім тігуші кәсібі туралы негізгі мәліметтер болу 5.2.6.2 аяқ киімнің беткі жағы былғары туралы қарапайым түсініктер болу 5.2.6.3 аяқ киім тігуге арналған былғарының негізгі қасиеттерімен танысу 5.2.6.4 бұйым бөліктерін бекітуге арналған материалдармен (капрон жіп, балауыз) және олардың қасиеттерімен танысу 5.2.6.5 былғарыдан бұйым жасауға арналған құрылғылармен және құралдармен (верстак, түзу буз, ілмек біз, тебен ине) жұмыс техникасын меңгеру; 5.2.6.6 бізбен жұмыстағы қауіпсіздік техника ережелерін білу және орындау 5.2.6.7 былғарымен жұмыс кезіндегі сызғышпен және бұрыштамамен жұмыс техникасын меңгеру 5.2.6.8 үлгі бойынша тапсырмаларда бағдарлау 5.2.6.9 тапсырмаларда заттық технологиялық карта көмегімен бағдарлау 5.2.6.10 дайындамаға суретті өлшеу құралдарының (сызғыш, үшбұрыш) көмегімен түсіру 5.2.6.11 бізбен тесік тесу 5.2.6.12 бұйымды жіппен біріктіру 5.2.6.13 сағатқа бау жасау 5.2.6.14 таракқа қаптама жасау 5.2.6.15 көзілдірікке қаптама жасау 5.2.6.16 жасалған бұйымдарды мұғалімнің көмегімен талдау

4.Еңбек құралдарын талдау және бағалау		5.2.6.17 үлгі бойынша бұйымның жасалуын бақылауды көз мөлшерімен және өлшеу құралдарының көмегімен орындау
	3.3 Қызмет көрсетуші кіші қызметкер	5.3.3.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну 5.3.3.2 қызмет көрсетуші еңбегінің қарапайым кәсібін білу 5.3.3.3 жинастыру жұмыстарына арналған арнайы киімдерді (халат, алжапқыш, үшкіл орамал) пайдалану, оларды ұқыпты ұстау, күту және сақтау 5.3.3.4 қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс: "Тұрғын бөлме", "Мектеп" макеттері мен жапсырмақұрақты, ашық қорапты жасау 5.3.3.5 қол тігістерін пайдалана отырып, жиһазды сүртуге арналған майлық орамалды тігу 5.3.3.6 орамалдың қиылған шеттерін қол тігісімен өңдеу 5.3.3.7 киімді жөндеу, сыртқы киімдердің түймелерін, ілгегін қадау 5.3.3.8 электр үтікті меңгеру, қолданысы, күтімі және пайдалану 5.3.3.9 еден түрлерін: тақтай, боялған, линолеум төселген ажырату 5.3.3.10 едендерді жууға арналған құралдармен және қандай да бір төсемі бар едендерді жууға қарсы көрсетімі бар құралдармен танысу 5.3.3.11 жинастыру құралдарын (шелек, шлапшын, қалақ, еден сыпыратын щетка, шүберек, швабра) білу және пайдалану 5.3.3.12 жинастыру құралдарын тазарту және сақтау орындарына орналастыру 5.3.3.13 тақтай, боялған, линолеум және қыш тақта төселген едендерді құрғақ және сумен

		тазартуға дайындау 5.3.3.14 швабраны жұмысқа дайындау 5.3.3.15 еденді шварбрамен сүрту 5.3.3.16 шүберекті шлапшында шайқап алу 5.3.3.17 жинастыру құралдарын жұмыстан кейін тазарту және сақтау үшін арнайы бөлінген орынға орналастыру
4.1 Еңбек заттарын талдау		5.1.4.1 өз еңбегінің нәтижесіне қызығушылық байқату 5.1.4.2 еңбектің бір түрі бойынша кәсіптік дағдыларды меңгеруге деген уәжін байқату 5.1.4.3 мақсатына жетуде тәртіптілік және табандылық таныту, өзінің еңбегіне деген мақтанышын байқату 5.4.1.4 орындалған жұмыс сапасына талдау жүргізу 5.4.1.5 өзінің және жолдастарының жұмысын талдауға және бағалауға тырысу, жұмыстағы артықшылықтар мен кемшіліктерді белгілеу 5.4.1.6 алған білімін тәжірибелік әрекеттерде қолдану
4.2 Еңбек заттарын бағалау		5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен алдағы жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.2 берілген жоспар бойынша орындалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.3 сөзінде оқыған терминдерді пайдалана отырып, жасалған жұмыс туралы ауызша есеп беру 5.4.2.4 бұйымды үлгіге қарау және өлшеуіш құралдардың көмегімен бақылауды жүзеге асыру 5.4.2.5 орындалған жұмыстың сапасын және орындау дәйектілігін ұжымдық талдау

5 класс сабақ жоспары

	№	Тақырыбы	Мақсаты	Ұсынылатын сағат	Мерзімі
2.1 Ағашұстасы	1-2	Қауіпсіздік ережесі (ағаш ұстасы)	5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы;	2	28.05.09
	3-4	Ағаш түрлері және олардың ерекшелігі	5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану;	4	1, 4, 8, 9. 09
	5-6	Ағаш ұстасы құрал-саймандармен танысу	5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материалдар мен құралдарды таңдай білу;	2	10, 10. 09
	7-8	Ағаш ұстасы деген кім?	5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану;	2	11, 11, 09
	9-12	Өлшеу және белгі салу дағдылары	5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (кимаулігі, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану	2	15, 15. 09.

2.2 Түптеу картонажды к іс	13-16	Түптеу ісімен танысу	5.2.2.1 дайындық тапсырмаларын: еркін тақырыпқа сурет салу, суреттерді бояу, өсімдік тектес оюдың суретін салу, геометриялық пішіндерді белгілеу, пышақпен және қайшымен пішіп алуды орындау	4	17, 17, 18, 18. 09
	17-20	Карбонаттау деген не?		4	22, 22, 24, 24. 09
	21-24	Қауіпсіздік ережелері Қағазды өлшеу және белгі салу	5.2.2.2 құттықтау ашық хатын сурет-сызбы бойынша жасау технологиясын меңгеру	4	25, 25, 29, 29. 09
	25-28	Картонмен қалтау – карбонаттау жұмысы	5.2.2.3 қалта мен хатқалтаны жасау технологиясын меңгеру: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаулігінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау	4	01, 01, 02, 02. 10.
	29-32	Қайшыны дұрыс пайдалану		4	06, 06, 08, 08. 10
	33-36	Желім жағу және қағаз жабыстыру	5.2.2.4 қарапайым сызбылар мен эскиздерді оқу және орындау	4	09, 09, 13, 13. 10
	37-44	Мұқаба жасау(қатты қаптау	5.2.2.5 қағаздарды іріктеп, бұту және сыммен тігу 5.2.2.6 түптеу жұмыстарын орындау 5.2.2.7 беті таза заттарды жасау 5.2.2.8 баулы папкаларды жасау	8	15, 15, 16, 16 20, 20, 22, 22. 10

2.7 Слесарлық іс	111-112	Слесарлық құрал-саймандармен танысу	5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы	2	2, 2.02.26
	113-114	Еңбек қауіпсіздігі ережелері	5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану	2	4, 4.02.26
	115-116	Қарапайым металдар және олардың қасиеттері.	5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материаладар мен құралдарды таңдай білу	2	5, 5.02.26
	117-118	Түзу сызық сызу және белгілеу	5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (кимаулігі, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен)	2	16, 16.02.26
	119-120	Балғамен жұмыс қауіпсіздік техникасы	қолдану 5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану	2	18, 18.02.26
	121-122	Бөлшектерді құрастыру туралы түсінік	5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану	2	19, 19.02.26

2.3 Сылақ майлау іс	123-124	Сылақ және майлау жұмыстарының маңызы	5.2.5.2 сылақ жұмыстарын орындауға арналған материалдар туралы түсініктер болу	2	23,23.02.26а
	125-126	Сылақ жұмысына арналған құралдармен танысу	5.2.5.3 майлы бояудың қасиеті және құрамы (қою және пайдалануға дайын) туралы түсініктер болу	2	25,25.02.26а
	127-128	Майлау жұмыстарына арналған құралдармен танысу	5.2.5.4 майлы бояуды жұмысқа дайындау техникасын меңгеру 5.2.5.5 сулы бояу құрамы (қасиеті, құрамы) туралы	2	26,26.02.26а
	129-130	Қауіпсіздік ережелері	мәліметтер болу 5.2.5.6 сулы бояу құрамын қолдану техникасын меңгеру	2	2,2.03.26а

2.6 Аяқ киім ісі	131-132	Аяқ киім ісімен танысу	5.2.6.1 аяқ киім тігуші кәсібі туралы негізгі мәліметтер болу 29 технологиясы	2	4,4,03.2026к.
	133-1136	Аяқ киімнің түрлері және бөліктері	5.2.6.2 аяқ киімнің беткі жағы былғары туралы қарапайым түсініктер болу	4	5,5,9,9.03.26к.
	137-140	Аяқ киімге күтім жасау құралдары	5.2.6.3 аяқ киім тігуге арналған былғарының негізгі қасиеттерімен танысу	4	11,11,12,12.03.26к.
	141-144	Аяқ киімді тазалау ережелері	5.2.6.4 бұйым бөліктерін бекітуге арналған материалдармен (капрон жіп, балауыз) және олардың қасиеттерімен танысу 5.2.6.5	4	16,16,18,18.03.26
	145-148	Аяқ киімге арналған крем мен майлықты қолдану	былғарыдан бұйым жасауға арналған құрылғылармен және құралдармен (верстак, түзу буз, ілмек біз, тебен ине) жұмыс техникасын меңгеру;	4	19,19,23,23.03.26.
	149-152	Бау тағу және шешу	5.1.4.3 мақсатына жетуде тәртіптілік және табандылық таныту, өзінің еңбегіне деген мақтанышын байқату;	4	25,25,28,28.03.26.
	153-154	Қауіпсіздік ережелері	5.2.6.6 бізбен жұмыстағы қауіпсіздік техника ережелерін білу және орындау	2	30,30.03.26к.
	155-156	Аяқ киімнің түрлері			
	157-158	Табиғи және жасанды былғарының қасиеттері	5.2.6.7 былғарымен жұмыс кезіндегі сызғышпен ж	2	1,1,04.26к.
	159-160	Өлшем алу және қалыпқа салу әдістері	5.2.6.5 былғарыдан бұйым жасауға арналған құрылғылармен және құралдармен (верстак, түзу буз, ілмек біз, тебен ине) жұмыс техникасын меңгеру;	2	2,2,04.26к.
	161-162	Аяқ киім жасайтын материалдармен танысу	әне бұрыштамамен жұмыс техникасын меңгеру	2	6,6.04.26.

3.1 Гүл өсіру және сәндік бағбаншыл ық	163-164	Сәндік өсімдіктердің түрлері (бөлме, бақша, гүлдері)	5.3.1.1 гүлдік өсімдіктер, олардың сан алуандығы, сәндік қасиеті туралы түсінік болу	2	8, 8.04.26А.
	165-166	Гүл өсіру туралы жалпы түсінік	5.3.1.4 жергілікті жерде ең бір кеңінен тараған гүлдік өсімдікті атау	2	9, 9.04.26А.
	167-168	Бөлме гүлдерінің түрлері (қыскаша таныстыру)	5.3.1.2 топырақ және гүлдерді өсіруге арналған экологиялық талаптар туралы түсінік болу	-	12, 13.04.26А.
	169-170	Гүл өсіру құралдары (кол күрек, су құйғыш)	5.3.1.3 мәдени және жабайы өсетін гүлдік өсімдіктерді ажырату	2	15, 15.04.26А.
	171-172	Топырақ түрлері және гүлге қажеттілігі	5.3.1.7 бір жылдық тұқымдары ірі гүлдік өсімдіктер түрін (қырмызыгүл, настурция, барқытгүл) атау	2	16, 16.04.26А.
	173-174	Жарық пен жылудың гүлге әсері	5.3.1.9 кейбір өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының пісуін жеделдету тәсілдері (тамырларын зақымдамай аудару) туралы түсінік болу	2	20, 20.04.26А.
	175-176	Бөлме гүлдерін зиянкестерден қорғау	5.3.1.8 гүлдік өсімдіктердің жемісінің және тұқымының піскен белгілерін байқау	2	22, 22.04.26А.
			5.3.1.5 гүлбақшада және бөлмеде өсірілетін гүлдік өсімдіктермен танысу	2	

3.2 Аула тазартушы

177-178	Аула тазартуда құралдармен танысу	5.3.2.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну 5.3.2.2 қарапайым қызмет көрсету кәсібін білу 5.3.2.3 тазалау жұмысына арналған арнайы киімді ажырату: түрі, қолданысы, құрылысы, ұқыптылықпен ұстау 5.3.2.4 шаруашылық құралдарымен (сыпыртқы, күрек, тырма, қалақ, зембіл), олардың құрылысымен, қолданысымен танысу 5.3.2.5 сыпыртқыны, күректі, тырманы, қалақты, зембілді қолдана білу 5.3.2.6 қатты жабыны бар жолдарды сыпыру 5.3.2.7 қоқысты үю, қоқысты тасымалдау 5.3.2.8 көгалды жинастыру: бұтақтарды және бөгде заттарды жинастыру; тырмамен тырмалау, көгалды тазарту 5.3.2.9 спорт алаңдарын және мектеп айналасындағы үлескелерді жинастыру 5.3.2.10 жинастыру құралдарын тазарту және сақтау орындарына орналастыру	2	23,23.09.26
179-182	Жұмыс құралдарын қолымен ұстап көру, атау, не үшін қолданылатынын		4	22, 22, 23, 23.09.2
183-184	Қауіпсіздік ережелері		2	29, 29.09.26
185-186	Ауладағы қоқыстар түрлері және оларды ажырату		2	30, 30.09.26
187-190	Мектеп ауласын тазарту		4	4, 4, 6, 6.05.2

191-192	Қызмет көрсету деген не?	5.3.3.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну 5.3.3.2 қызмет көрсетуші еңбегінің қарапайым кәсібін білу	2	4, 5. 05. 26a
193-194	Тұрмыстағы қызмет көрсету түрлері	5.3.3.3 жинастыру жұмыстарына арналған арнайы киімдерді (халат, алжапқыш, үшкіл орамал) пайдалану, оларды ұқыпты ұстау, күту және сақтау 5.3.3.4 қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс: «Тұрғын бөлме», «Мектеп» макеттері мен жапсырмақұрақты, ашық қорапты жасау	2	11, 11. 05. 26a
195-196	Тұрғын бөлме (макет) Мектеп (макет)	5.3.3.5 қол тігістерін пайдалана отырып, жиһазды сүртуге арналған майлық орамалды тігу 5.3.3.6 орамалдың қиылған шеттерін қол тігісімен өңдеу	2	16, 13. 05. 4
197-200	Жиһаз сүртуге арналған орамал	5.3.3.7 киімді жөндеу, сыртқы киімдердің түймелерін, ілгегін қадау	4	14, 14, 18, 18.
201-204	Сырт киімді жөндеу		4	20, 20, 21, 21.